

Қазіргі таңда елдің уайымы жатса-тұрса ойлайтыны **бағаның тұрақсыздығы**. Бұл, әрине тұрғындардың өмір сүруіне өз ықпалын тигізбей қоймайды.

Жылдың басынан бері жанармай өсімі азық-түлікпен, бірінші кезекті қажетті тауарлардың өсуіне өз септігін тигізді. Бүкіл әлемдік крезис пен пандемияның әсері тағы да бар.

Еліміздің кейбір аймақтарында жем-шөп бағасының қымбаттауы, жұмыртқа мен ет бағасының артуына әкеліп соқтырды.

Сондай-ақ өңірде картоп бағасы неге қымбаттап кетті, Ауыл шаруашылық министрі түсіндірді: **"Біз аздап шыдауымыз керек, енді картоп көп мөлшерде кетеді, бағасы төмендейді. Қазір сөрелерден қарбызды да көреміз, өндіріс құны да қымбат, бағасы да қымбат, содан маусымда баға 40-50 теңгеге жетеді. Айырмашылық тек картопта, сәбізде ғана емес, сонымен қатар сәл ертерек пісетін және басқа ауыл шаруашылық технологияларын жаппай өндіріске қарағанда қолданылатын көкөністерде де бар"**, - деді ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі департаментінің директоры Азат Сұлтанов.

Еске салсақ осыған дейін Қазақстанның бірнеше өңірінде картоп бағасы килограммына **500** теңгеге **қымбаттап** кеткен болатын.

Бағаның қымбаттауының себебін сатушылар қордағы көкөністің азаюымен байланыстырады. Оған қоса оңтүстіктегі өндірушілер бағаны көтеріп жіберген. Өңірлерде ең арзан картоп 400 теңгеден басталады. Осыдан бір апта бұрын келісі 250-270 теңгеден сатылған еді.

Қымбатшылыққа күйінген тұрғындар бағаны тұрақтандыра алмай отырған билікке өкпелі.

Қорыта айтқанда, алдағы уақытта елімізде картоп бағасының нарықтануына жол бермес үшін тиісті ақпараттық жүйелердің мүмкіндігі назарға алынады екен.